

**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 157 Қаулысы. Жамбыл облысы Меркі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 мамырда 77 нөмірімен тіркелді

**Р К А О**

**ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасы, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19 бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығына және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуіріндегі № 313 Қаулысын басшылықта ала отырып,

**аудан**

**әкімдігі**

**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ:**

1. Он сегізден жиырма жетіге дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқада әскерлер мен әскери құралымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру

**ұйымдастыруды жүргізу.**

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды және ұйымдастыруды жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Нурдинов Көбосын Кеңесбекұлы	– «Жамбыл облысы Меркі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы; (келісімі бойынша)
Есенов Сәкен Бөрібайұлы	– «Меркі ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:	

Амиралиев Талғат Тұрлышбайұлы	- «Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Меркі ауданы ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастырының орынбасары, комиссия мүшесі; ( келісімі бойынша)
Ордабаев Берік Ембергенұлы	- «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сактау басқармасы Меркі аудандық орталық емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының ага дәрігері, медициналық комиссияның мүшесі; ( келісімі бойынша)
Тоқтышақова Индира Сыдықбекқызы	- «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сактау басқармасы Меркі аудандық орталық емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының медбикесі, комиссия хатшысы; ( келісімі бойынша)

3. «Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Меркі ауданы ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастыры Қайрат Абайұлы Рысбаевқа (келісімі бойынша) өз құзіреті шегінде әскери міндеттерін өтеуден жалтарып жүргендерді іздеу және оларды ұстаяу, сонымен қатар әскери бөлімдерге жөнелтілу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Рысқұлбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 15 сәуірінен пайда болған қатынастарға қолданылады.

*Аудан Әкімі*

*C. Жұмағұлов*